

Сәкен МӘЖІНБЕКОВ,

М.Әуезов атындағы ОҚУ-інің проректоры:

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ — ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ



Сұйытылған газ бағасының күрт қымбаттауына байланысты наразылық білдіру мақсатында Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласында басталған бейбіт митингтің соңы еліміздің үлкен бөлігінде толқуларға ұласты. Өкінішке қарай, кейбір қалаларда мұның соңы жаппай тәртіпсіздікке айналып кетті.

Негізінде сөз бостандығы мен ой еркіндігі – демократияның ажырамас бөлігі. Азаматтардың шерулер, митингілер мен бейбіт жиналыстар өткізіп, өз ойын ашып айтуға, белгілі бір мәселеге қатысты наразылығын білдіруге толық құқығы бар. Қазақстан азаматтардың осынау құқықтарына құрметпен қарайтын, өркениетті мемлекет ретінде қалыптасып келеді. Республика Конституциясында белгіленген осынау құқықтарды бекіте түсу үшін Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі» туралы жаңа Заң қабылданғаны да белгілі. Онда митинг өткізу үшін рұқсат алу тәртібі алынып тасталып, хабарлама тәртібі енгізілді. Бұл елді демократияландыру жолындағы нақты

қадам деп айта аламыз.

Егер митингтер заңда белгіленген тәртіппен ұйымдастырылып, онда нақты мәселелер қозғалса және наразылық білдірушілер билік өкілдерімен конструктивті диалог құруға дайын болса, бұл елдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілуіне септігін тигізеді. Мәселен, Маңғыстау облысында көпшілік нақты талап қойды. Билік халықтың талап-тілегін ескере отырып, сұйытылған газдың бағасын литріне 50 теңгеге дейін төмендетті. Мұны митингтің нақты нәтижесі деп айтуға болады.

Алайда, еліміздің өзге қалаларында, соның ішінде Шымкентте өткен шерулер мен митингтер кезінде арандатушы топ көпшілікті әкімдіктерді басып алуға, мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау органдарының өкілдеріне шабуыл жасауға шақырды. Салдарынан қаншама адам, оның ішінде бейбіт тұрғындар мен полиция қызметкерлері жарақат алды, әкімшілік ғимараттар мен қызметтік көліктер бүлінді. Президент 4 өңірде төтенше жағдай режимін енгізуге мәжбүр болды.

Осыдан кейін интернет арқылы тараған видеоларға қарап «Наразылық білдіру үшін шыққан адамдарды неге ұстап жатыр» дейміз. Заңды бұзып, биліктің өкіліне қарсы күш қолданып, қылмыс жасап жатса, оларды қалай ұстамасын?! Біздің қоғамның ең басты құндылығы – заң үстемдігі емес пе?! Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген ұстанымын естен шығармайықшы.

Иә, елде шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бар екенін ешкім жоққа шығармайды. Теңгенің құнсыздануы мен экономиканың нақты секторының бәсекеге қабілетті болмауының салдарынан қымбатшылық орын алғаны да шындық. Бірақ, көшеге шығып, заңды бұзып, тәртіпсіздік ұйымдастыру арқылы бұл мәселелерді шеше

алмаймыз ғой. Әр митингінің соңы осындай топалаң бола берсе, қалай ел болмақпыз?!

Мәселеге екінші жағынан қарайтын болсақ, Тәуелсіздіктің 30 жылында Қазақстанның қол жеткізген жетістіктерін түпкілікті жоққа шығаруға болмайды. Соның барлығына еліміз адал еңбектің, ынтымақ пен бірліктің арқасында қол жеткізді. Демек, бізге демократия қағидалары қаншалықты қымбат болса, елдің тұрақтылығы мен халықтың ынтымағы да соншалықты қастерлі.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел басқарудағы ең үлкен ұстанымы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасында көрсетілген. Президент бұл жолы да сол ұстанымына адал екенін дәлелдеді. Жедел түрде үкіметтік комиссияның жасақталып, шұғыл шешім қабылдануы, халық наразылығына себепші болғаны кемшіліктерге жол берген Үкіметтің отставкаға жіберілуі – соның айғағы.

Қала берді газ бен мұнай өнімдерінің, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 6 ай мерзімге мемлекеттік реттеуге алынды. Коммуналдық тарифтерді көтеруге мораторий енгізілді. Мұқтаж отбасылар үшін баспананы жалға алу құнын субсидиялау қолға алынбақшы. Денсаулық сақтау және балалардың мәселелерін шешу үшін «Қазақстан халқына» деп аталатын қоғамдық қор құрып, оны мемлекеттік және жеке көздер арқылы қаржыландыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ, «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заң әзірленеді. Мұның бәрі халықтың әлеуметтік жағдайын шұғыл жақсарту үшін қабылданып жатқан шаралар екені талассыз.

Менің ойымша, елдегі саяси реформаларды да жеделдетіп жүргізу керек. Адамдар өз наразылығын білдіру үшін әр жолы алаңға шықпасын десек, халықтың мұң-мұқтажын ашып айтатын, елдегі проблемаларды биліктің алдына көлденең қоя білетін ықпалды Парламент жасақтауымыз керек. Оған қоса мемлекет мұндай бір реттік шұғыл шаралармен ғана шектелмейді деп ойлаймын. Жүйелі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жаңа қарқынмен жүргізеді деп сенемін. Сондықтан арандатушылардың айтағына ермей, мәселелерге байыппен және парасаттылықпен қарап, сабыр сақтауымыз қажет. Бұйырса, еліміз бұл қиындықтар мен сынақтарды да жеңіп шығады.